



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

## Оңтүстік Кореямен берік ынтымақтастық



10 сәуір күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Оңтүстік Кореяның POSCO компаниясы арасындағы меморандумға қол қойылды. Университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов пен осы компания қорының жоспарлау бөлімінің бастығы Ким Ин Ук қол қойған бұл маңызы зор құжат бойынша POSCO компаниясының қоры университеттің 25 студентіне 500 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы тағайындамақ.

Оңтүстіккореялық POSCO компаниясы ірілігі жағынан әлемдегі үшінші болып саналатын, жылдық табысы 1 млрд. АҚШ долларынан асып жығылатын болат құятын кәсіпорын. Қызмет көрсету аясы - өнеркәсіп өндірісі, болаттан құйылған өнімдер және қызмет көрсету. Қоғамның тұрақты дамуына ықпал ету саласында белсенді қызмет атқарып келеді. 1968 жылы негізі қаланып, 2004 жылдан бастап әлемдік рынокқа шыққан бұл компания қазіргі күні дүниежүзі бойынша ірі транслүттық корпорацияға айналған.

Бүгінгі күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Оңтүстік Кореяның Каннам, Ханкук, Тэгу, Кьенги, т.б. жоғары оқу орындарымен ғылыми және академиялық

ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізген. Оңтүстік Кореялық 29 студент Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дайындық факультетінде білім алып жатса, екеуі халықаралық қатынастар факультетінің студенттері атанған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қолдауымен 2006 жылы Оңтүстік Кореяның Каннам университетінде Қазақстантану бөлімі ашылған. Онда білім алушылар қазақ тілін үйреніп, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, өнерімен, тұрмыс салтымен таныса алады. Қазақ тілінің курсы Ханкук Университетінде де ашылған, онда біздің университеттің студенттері мен оқытушылары тәжірибеден өтуде.

■ Сүйінші!

## «Біз»: Қазақ жастары адаспандар!

“Адаспандар!”. Бұл республикалық деңгейдегі ҚазҰУ-да құрылған “Біз” тұңғыш Студенттер театрының тұсаукесер қойылымы. Көкектің төртінші күні көрермен көзайым болған көрсетілім. ҚазҰУ-дың мың бес жүз орындық Студенттер сарайында ине шаншар жер тапсаңызшы! Жиылған жұрт шапалақ ұрудан шаршаған жоқ. Демек, “Біз” студенттер театрының алғашқы қадамы сәтті болды.



Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ

САНДЫ

Украинадағы  
ҚАЗАҚСТАН  
ЖЫЛЫНА  
арналады

2-бет



4-бет

Қазақ  
ғалымы —  
НАТО  
сынлығының  
негері



6-бет


ЖАСТАР  
ТЕМЕКІГЕ  
ҚАРСЫ



7-бет

«Парламент  
— қоғамның  
бет-бейнесін  
беріп тұр»





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛОЛОГИЯ  
ФАКУЛЬТЕТІНДЕ ӨТКЕН “ТІЛ  
ТАРИХЫ: КЕМЕЛДІЛІК ЖӘНЕ  
КЕШЕНДІЛІК” АТТЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ-ТҮРКОЛОГ,  
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР  
МАРХАБАТ ТОМАНҰЛЫ  
ТОМАНОВҚА АРНАЛДЫ.



# Кемел тілдің ТАМЫРШЫСЫ

Конференция жұмысын универси-  
теттің бірінші проректоры, химия ғы-  
лымдарының докторы, профессор  
З.А.Мансуров кіріспе сөз сөйлеп аш-  
ты. Факультет деканы, профессор  
Қ.Әбдезұлы өзі шәкірт болған М.То-  
мановтың ғылыми және ұстаздық қыз-  
меті туралы тағылымды ойларын ор-  
таға салып, филология сериясы  
бойынша шығатын “Хабаршының”  
бір нөмірі осы конференция материал-  
дарын жариялауға арналғанын хабар-  
лады.

Конференцияда жасалған ғылыми  
баяндамаларда профессор М.Томанов  
зерттеулерінің өзектілігі, зәрулігі, тіл  
тарихына, көне түркі жазбаларына,  
түркі тілдерінің салыстырмалы грам-  
матикасына қатысты жазған оқулық-  
тары мен оқу құралдарының бүгінгі  
таңда да студенттер үшін құнды еңбек  
екені аталды. (“М.Томанов – ғалым,  
ұстаз” – проф. Б.Сағындықұлы;  
“М.Томанов зерттеулерінің кемелдігі  
мен кешенділігі” – проф. А.Б. Сал-

қынбай; “М.Т.Томанов – сөз тіркесін  
алғашқы зерттеушінің бірі” – проф.  
Т.С. Сайрамбаев; “М.Томанов –  
түбірлердің танымдық мәні туралы” –  
профессор Ж.Манкеева т.б.)

Баяндамаларда профессор М. То-  
мановтың қаламынан туған ғылыми  
зерттеулердің ерекшелігі – тілдік  
деректерді сөйлетудегі жан-жақтылы-  
ғы, кешенділігі екені; қазақ тілінің  
кемелдену жолын, тілдік заңдылығын  
анықтауда өзінің де ғылымдағы сара  
жолын кемелдендіргендігі аталды.

М.Томанов – қазақ тілінің тарихи  
грамматикасын алғаш жүйелеген, не-  
гіздеген ғалым. Алтаистикада, түркі  
тілінде қалыптасқан ғылыми ойларға,  
тұжырымдарға сүйене отырып, бірінші  
рет қазақ тілінің тарихи грамматика-  
сын жазды. Түркі тілдерінің салыс-  
тырмалы грамматикасын жазып, түр-  
кітануға үлкен үлес қосты. Ежелгі  
деректерді кешенді, жан-жақты салыс-  
тыра зерттеу арқылы түркі тілдерінің  
фонетикалық және морфологиялық

құрылысының басты ерекшеліктерін  
ашып көрсетті. Қазақ тілінің стилис-  
тикасы пәні бойынша жазылған ал-  
ғашқы оқулықтың авторларының бірі.  
Ежелгі және орта ғасыр мұраларын  
зерттеуші ғалымдардың бірі. Автор  
Көне түркі жазбалары, М. Қашқари,  
Қ.Жалайри жайында үлкен ғылыми  
зерттеулер жазды. Қазақ тілінің орта  
ғасырдағы, көне дәуірдегі лексикалық,  
фонетикалық, грамматикалық  
ерекшеліктерін анықтап, кемелділікті  
танытатын өлшемді екішеді. М.  
Томанов қазақ әдеби тілінің қалыптасу  
жолы, даму сипаты, әдеби тіл  
нормалары, ежелгі түркі әдеби тілі мен  
қазақ жазба әдеби тілінің сабақтас-  
тығы, қазақ әдеби тілінің ортаазиялық  
әдеби тілмен тарихи қарым-қатынасы  
туралы мәселелерге де көп көңіл  
бөліп, көптеген ғылыми мақалаларын,  
зерттеулерін арнаған ғалым.

Конференцияда Қазақ тілі тарихын  
зерттеудегі жаңа бағыттар; Қазақ  
әдеби тілінің кемелденуі; Қазіргі қазақ  
тілі: даралық және кешендік; Қазақ  
жазуының бүгінгі мен болашағы; Түркі  
тілдерінің салыстырмалы грамматика-  
сы; Қазақ және орыс тілдері мәдени  
диалогта деген ғылыми бағыттар  
бойынша баяндамалар жасалды.

А.Б. САЛҚЫНБАЙ,  
профессор

## Украинадағы ҚАЗАҚСТАН ЖЫЛЫНА арналады

21 сәуір күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде  
“Тарас Шевченко мен Николай Лысенко – украин халқының  
кеменгер ұлдары” атты Украинадағы Қазақстан Жылына арналған  
шаралар аясында ұйымдастырылған шығармашылық кездесу өтті.  
Кездесу Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясының  
жанындағы Шевченко атындағы “Просвита Жетысу” Украина  
мәдени орталығының бастамасымен Республикалық Қазақстан  
халықтарының Ассамблеясының ұжымдық қорымен, Ә.Қастеев  
атындағы Мемлекеттік өнер музейімен, Қазақстан Республикасының  
Ұлттық кітапханасымен, Украинаның Алматыдағы Бас  
консулдығымен және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің филология факультетімен бірлесіп өткізілді.



Кездесуді филология факультетінің деканы, профессор Қансейіт  
Әбдезұлы кіріспе сөзбен ашып, Украинаның Қазақстандағы Елшісі  
Селивон Николай Федосовичке сөз берді. Ол “Тарас Шевченко мен Ни-  
колай Лысенко – украин халқының  
кеменгер ұлдары” деген тақырыпта  
мазмұнды баяндама жасады. Содан  
кейін сөз алған ҚР ҚХА қорының  
Бас директоры Гребнев Виктор  
Иванович, ҚазҰУ профессорлары  
Қансейіт Әбдезұлы, Б.Н. Толмачев  
“Тарас Шевченко әлемдік шығар-  
машылықта” деген тақырыпта сөз  
қозғады. “Просвита Жетысу” УМО  
дайындаған Т.Шевченко – Кобзарь  
атты бейне ролик көрсетілді. Соны-  
мен қатар “Просвита Жетысу”

Украина мәдени орталығының  
кызметкерлері Т.И. Кайдалова,  
Л.В. Лебедь, А.К. Найбургер, Әл-Фа-  
раби атындағы ҚазҰУ студенттері,  
№38 мектеп-гимназияның оқушыла-  
рының, Ә.Қастеев атындағы Мемле-  
кеттік музейінен О.А. Калкатинаның,  
ҚР Ұлттық кітапханасынан тарих  
ғылымдарының докторы Галиев  
Виль Зайнулловичтің баяндамалары  
тыңдалып, Т.Шевченконың сөзіне,  
Николай Лысенко, тағы басқа  
композиторлардың өніне жазылған  
шығармаларды “Просвита Жетысу”  
УМО жанындағы “Украина” хоры,  
“Русские узоры” балалар шығарма-  
шылық ұжымы орындады.

Ханифа ЖАҚСЫБАЕВА



### Дайджест

сцене, захватило их целиком. Они  
смеются, радуются и аплодируют от  
души... Премьерный спектакль “Не  
заблудитесь!” о молодежи” деп,  
журналист қойылымды көрермендер-  
дің қалай қабылдағанын, қаншалықты  
әсерлі болғандығын жеткізеді. “Қа-  
зақ әдебиеті” газеті (20.04.2007):  
“Театрды ұйымдастыруға Ұлттық  
университет басшыларының сіңірген  
еңбегі орасан. Әрине, спектакль

“БІЗ” студенттер театрының ашылға-  
ны туралы жаңалық Қазақ радиосы,  
Қазақ ақпарат агенттігі, “Хабар”,  
“Қазақстан”, “CASPIONET”, “Ха-  
бар” арнасының тележурналы, “Қа-  
зақстан” телеарнасының “Көңіл-  
ашар” бағдарламасы, “Алматы”,  
“КТК”, “НТК”, “Астана”, “31-ар-  
на” телеарналары және “Жас  
қазақ” (06.04.2007), “Айқын”

Қазақ радиосында, “Астана”  
телеарнасының жаңалықтарында  
және “Айқын” газетінде (06.04.2007  
жыл) жарияланды. Сонымен қатар  
жақында “Қазақ университеті”  
баспасынан жарық көрген қазақ  
халқының ұлы педагог-жазушысы  
Спандияр Көбеевтің таңдамалы  
шығармаларының түсаукесері туралы  
“Қазақ әдебиеті” газетінде  
(13.04.2007) жарияланып, Қазақ  
радиосынан, “КТК” телеарнасы-  
ның жаңалықтарынан берілді.

Биыл алтыншы рет өткен әлем  
журналистерінің басқосуы Еуразия-  
лық медиа-форум қарсаңында фило-  
логия ғылымдарының докторы, про-  
фессор Намазлы Омарұлы “Хабар”  
арнасының тікелей эфирдегі “Көз-  
қарас” бағдарламасындағы  
(10.04.2007) сұхбатында әлемдік  
маңызы зор бұл басқосудың мәні, ролі  
туралы ойын білдіріп, оның жұмысын  
жақсарту турасындағы нақты ұсыныс-  
тарын айтты. Сонымен қатар “Егемен  
Қазақстан” газетінде (18.04.2007)  
жарияланған “Ақпараттық қауіпсіз-  
дігіміз қандай?..” деген мақаласында  
автор еліміздің идеологиялық негізін  
қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат  
құралдарының орны, ұлттық журна-  
листикамыздың өзекті мәселелері  
туралы кеңінен сөз етеді.

Ғалия АҚСЕЙІТ  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

# Басты назарда – «БІЗ»!

Ө.А.Жолдасбеков атындағы Сту-  
денттер сарайында “БІЗ” атты тұңғыш  
студенттік театрдың “Адаспандар!”  
атты қойылыммен өз шымылдығын  
ашуы университет үшін ғана емес,  
бүкіл жұртшылықты селт еткізер  
жақсы жаңалыққа айналды. Республи-  
калық бұқаралық ақпарат құралдары-  
ның беттерінен жастардың жаман  
әдеттен бойларын аулақ салып, жан  
дүниесін байытуға бастайтын өз теа-  
трының ашылуын жоғары бағалап,  
жылы лебіздерін білдірген мақалалар  
легі әлі күнге дейін толастар емес. Мә-  
селен, “Егемен Қазақстан” газеті  
(07.04.2007): “Оң-солын танымаған  
жастар арасында белең алған

жағымсыз құбылыстар – нашакорлық,  
жезекшелік, ішкілік сияқты дертке  
шалдыққандар туралы шынайы,  
өмірдің өзінен алынған оқиғаларды  
сахна тілімен суреттеу титтей де болса  
ұл-қыздарымызға ой салғаны анық.  
Жолдан адасып жүрген жастарға  
ересектердің жаттанды ақыл-кеңестері-  
нен гөрі, бір-біріне сахнадан тіл қату  
әлдеқайда әсерлі болғандай. Қойы-  
лымның мақсаты да – жастарды жаз-  
ғыру емес, жандарына үңілу, дұрыс жол  
сілтеу” деп жазса, “Казахстанская  
правда” газеті (12.04.2007): “В зале  
– ни одного свободного места...  
Главные зрители – молодежь и  
преподаватели. То, что происходит на

ұйымдастыруға жеңіл жол іздеуге  
болар еді. Алматыдағы іргелі театр-  
лардың бірінен режиссер шақырып,  
белгілі бір драматург-жазушыға сце-  
нарийін жаздырып, атақты музыкантты  
тартып, тамаша бір қойылым жасауға  
болар еді. Университет ұжымы оған  
бармаған. Бар салмақты студенттерге  
салған. Және оны шебер ұйымдастыра  
білген. Студенттердің тырнақалды  
туындысы бола тұра, спектакльдің  
соншалықты шынайы, өмірге етене  
жақындығымен, шығарма компози-  
циясының шымырлығымен, тартыс  
өрбіту, оны сәтті шешу шеберлігімен  
риза етеді” деген сүйінішін білдірген.  
Қоғамдық пікірге қозғау салған

(06.04.2007), “Литер” (06.04.2007),  
“Время” (07.04.2007), “Вечерний  
Алматы” (10.04.2007), “Qazaq.kz”  
(04.04.2007) интернет газеттері  
арқылы республикамыздан шалғай  
жерлерге де таралып кетті.

5 сәуір күні филология факультеті-  
нде өткен қазақ тілі білімі ғылымы-  
ның дамуына зор үлес қосқан тілші-  
ғалым, филология ғылымдарының  
докторы, профессор Мархабат  
Томановтың туғанына 75 жыл  
толуына арналған “Тіл тарихы:  
кемелдену және кешенділік” атты  
республикалық ғылыми-теориялық  
конференция туралы ақпарат Қазақ  
ақпарат агенттігінің сайтында,





# «БІЗ»: Қазақ жастары адаспандар!

Соңы. Басы 1-бетте

Зұлымдық пен мейірім, жақсылық пен жамандық, ақ пен қараның арасындағы бітпес соғыс әу заманнан басталса керек. Топырақтан жаралған адам алдында бас игісі келмегендіктен Алланың кәріне ұшыраған оттан туған Ібілістің адамзат баласына деген өшпенділігі бүгінге дейін бітпеген екен. Адам ата мен Хауа ананы жұмақтан қудырған Әзәзіл адамзат ұрпағын бес күндік фәниде де еркіне қояр емес. Ал Алланың демімен жан



біткен адамның ар-намысы Әзәзілге төтеп бере ала ма? Алысқа жетелеген арманы құлдіға құласа... Махаббаты жүрегіне мейірім орнаған ғашықтың сезімі гүл емес, күлге айналса... Әлмисақтан “оқы” деп түскен хақ сөзінен жаңылып, жеңіл жүріске түссе... Бұл кеселдер әзәзілдің азғыруы ма әлде ар-намыстың аздығы ма деген заңды сауал келері анық. Ал, “Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген қазақтың жас ұрпағы, ертеңгі болашағы қай жолға түсті? Ар-намыстан сұраймын. Ар-намыс үндемейді. Неге үндемейді. Әзәзілдің мысқылдай күлген дауысы құлағыма жаңғырық болып қайталанып жатыр. Не дейді Әзәзіл? “Адастыңдар, адастырдым!” - дейді. “Темекінің түтініне түншықтырдым. Арманыңды араққа айырбастаттым. Есірткіге елітіп есерсоқ еттім. Қызыңды СПИД, ұлыңды нашакор қылдым. Ха-ха-ха. Иә, адастың қазақтың жігіті, иә, адастың қазақтың қызы!” Бұл сөзді естігенше саңырау болып қалсам етті. Қызың күн, ұлың күл қылмайын деген ата-бабаның бүгінгі бөріктісі боркемік болса, көріктісін кесел меңдесе, мыңжылдық күрес текке болғаны ма? Елдің жас өркені азат ғұмырдың парқына бармай, әзәзілдің қолшоқпарына айналғаны ма? Адақанды ақ жолға салар бірін бауырым дер, бірін қарындасым дер қазақтың табылмағаны ма?

Ар-намысы жанынан қымбат, ма-



хаббаты алаудай маздаған, арманы Алатаудай асқақ бар екен қазақ жастары. Олар ұлы адам, ұлы маман болу үшін ұлы арман болу керек екенін біледі. “Сегіз әріп, бір арманнан құралған махаббат қой, махаббат бұл!” - деп ән салады. Білім-ғылыммен дос болады. Ар-намыспен асқақпын деп жар салады. Адамды адам қылған арман, махаббат, ғылым, ар-намыс арқылы адасқанды ақ жолға салып, әзәзілдің құрығынан құтқарып алғысы келеді.

Бірақ, қамшының ұшында үйірген қара ниеттілік ашса алақаныңда, жұмса жұдырығыңда ұстаған қазақ жастарын молаға айналдырмақ. Қазақтың жасы қараңғы қапаста түншықты. Өмірді көрсем, білсем, танысам деген нұрлы жанарлары көрге айналып, Әзәзілдің қара белгісі таңған қайран қазақ жастары! Сол қараңғылықтың астында Акбота да бар, Еламан да бар, Гүлнұр да бар, Азат та бар. Ол жерде Айгүл де бар. Иә, Айгүл, Айгүл де бар... Ол арман қала, ару қала Алматыға білім қуып келген еді ғой?... Ауылда жалғыз тракторы бар ата-анасы қалды. Бірақ, туған күнінде кездейсоқ ауылдасы Гуляны кездестіріп, қапыда Айгүл “Айқаға” айналып кете барды. Кітапхана орнына түнгі клубтарды кезді. Оқулықтың орнын шарап толы бокалдар ауыстырды. Жеңіл ақша, жеңіл жүріске еті үйренді. Сүйіктісі студент жігіт те ұмыт болды. Бірақ Әзәзіл мұнымен де шектелмеді. Ақыры Айгүлдің қолына өз өлімін жеткізген қара қағаз ұстатты. Ажал сөзінің синониміне айналған СПИД дегенді естігенде төбесінен жай түскендей болды. Осындай қиын-қыстау шақта сүйіктісі іздеп тапты-ау, әйтеуір! Бірақ бәрі кеш еді. Айгүлді ажал уысынан құтқарып алу қолынан келмейтін еді. Айгүл қара жайманың астында қалып

қойды. Әзәзілге бұл да аздық етті. Енді қара жамылған Студент жігіттің махаббатын мазак қылғысы келді. Оның үлкен өнер адамы болсам деген арманы ашсы суға түншықты. Үлкен сахнаның өртісі емес, көшенің кезбе әншісі болып, қайыр тілеуден түскен нәпақаға күн көрді. Қара домбырасын ақ араққа айырбастады. Ар-намыс оған қанша рет жол нұсқады. Бірақ көкірек көзі тас байланған Студент жігіт таба алмады хақ жолды. Ақыры ине сұғылған денесін өбден Әзәзіл билеп, моланың астында қара төмпешікке айналып қала берді. Ар-намыс «аһ» ұрды. Аяққа тапталған аяулы Арманы көз жасын төкті. Махаббат кімге мұның шағарын білмеді. Білім-ғылымның шырағы сөнді. Адам баласына медеу болған төрт тірек төрде емес, босағада қалды. Жоқтайтын кім бар? “Ой бауырымдаған” жас қазақ Нұрбектің жан дауысы шықты. Келе салып қара моланы көріп, жүрегі қан жылады. “Ғарышқа ұшып, ғаламды жаңғыртып жатсаң да, СПИД-ке бір ем таба алмағаның ба, арақты ауыздықтай алмағаның ба, есірткіні жеңе алмағаның ба? - деп Білім-Ғылымды жазғырды. Ғылым жауап таба алмай дал болды. Ар-намыс аза тұтты.

Әзәзіл: “Мен жеңдім!” - деп масаттанды. Енді Нұрбекті де қанды шенгеліне орағысы келді. Қара құлдары түншықтырмақ болды. Бірақ Махаббаты мен Арманына, Ар-намысы мен Ғылым-Біліміне иманы тірек болған Нұрбекті Әзәзіл азғыра алмады. Жүрегі таза ақ жанның: “Жаратқан жұлдызымың! Адастыра көрме!” деуі мұн екен, Әзәзілден әл кетті. Төрт тірек төрге шықты. Қазақ жастарының басына төнген қара бұлт сейілді. Дүниенің қара шымылдығы сыпырылып түсті. Ғасырлар қойнынан “Алланың өзі де рас, сөзі де рас!” деген ғұлама Абай

бейнесі келді көз алдымызға.

Мұның бәрі ҚазҰУ-дың филология факультетіне оқуға түскен, жақында ғана студент атанған Нұрбектің түсі екен. Бірақ Нұрбек отырған орындықтың маңын сыпырып жүрген тозығы жеткен көк халатты жан бірақ сөтте Әзәзілге айналып кете барды. “Мен әрқашан қастарыңдамын!”, - деген еді оның соңғы сөзі.

Қойылым аяқталды. Бірақ ой қалды. Жай қалған жоқ санамды мұңға батырып, қайғыға салып кетті. Абылайға: “Ұрпағың бақа-шаян болады”, - деген Бұқардың сөзі есіме түсті. Бұрымды қызыңның қылығы қайда, құрықты ұлыңның ұғымы бар ма? Шынында да ұсақталдық па, адастық па? Иә, адасқандар аз емес. Бірақ, адал арманына, маздаған махаббатына, терең біліміне, ар-намысына иманы қазық болған Нұрбектей жастар да бар. Сол жастар адаспаныншы! Адаспандар қазақ жастары! Қойылымның негізгі идеясы осы еді.

«Адаспандар!» адасқанды жазғырған жоқ, адаспаудың жолын көрсетті. Жастар жаман әдет, ерсі қылыққа бой ұрмас үшін «Біз» театры біз бен сіз болып күресу керек екенімізді тағы бір рет еске салды.

Тұңғыш Студенттік театры атына заты сай екенін дәлелдеді. Себебі көрсетілімнің сценариіне театр режиссері Ғалымжан Сайлаубекұлының жетекшілігімен әрбір студент өз үлесін қосты. Ал, режиссер жалындаған жастардың басын қоса білді. Әрбір студент көрсетілім кейіпкерін тани білді. Киімдерін өзі ойлап, бояуларын да өзі жакты. Студенттер ерен еңбектің ақталуы үшін тырысты. Қойылымды әрлеген әндерді де студенттер орындады. Бүгінде республикаға танылған университетіміздің “Махаббат” би тобы көрсетілімнің ажарын аша түсті.

Сол ортақ ұжымдық жұмыстың арқасында “Адаспандар!” қойылымы дүниеге келді. “Біз” театрының бізбен тоқылғандай әдемі өрнектері ерекше әсерге бөледі. Бәлкім, кей жерде кемшілік кеткен болар. Бірақ, ең бастысы студенттер жан-тәнімен беріліп ойнады. Ал, жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді.

“Біз” театрының мақсаты студенттік театр ашу туралы идеяның авторы әрі көркемдік жетекшісі, Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н. Омашұлы айтқандай, бүгінгі күнгі жастарды, студенттерді өнер күшімен



өздерін өздері тәрбиелеуге, қоғамымымызда белең алып отырған жат қылықтар мен жаман әдеттерден аулақ болуға шақыру еді. Демек, бұл күні театр өз мақсат-мүддесінен шыға білді. ҚазҰУ білім-ғылымның қара шаңырағы ғана емес, мәдениеттің де қайнаған қара қазаны екенін тағы бір дәлелдеп берді. Болашақта Студенттік театр көрсетілімін өзге университеттер мен өзге қалалардың да жоғарғы оқу орындарына сахналауды жоспарлап отыр. Университет қабырғасында білікті маман ғана емес, елін, жерін, Отанын сүйетін, жан-жақты қалыптасқан адам тәрбиелеу қажеттігін жете түсінетін университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың театрға университет тарапынан жан-жақты қолдау көрсеткенін айта кетуіміз керек. Ал ректордың ризашылығы студенттермен қосыла орнынан тұрып шапалақ ұрған сәтінде анық байқалды.

Театр қойылымы біткенімен ол жайында әңгімелер ҚазҰУ қалашығында апта көлемінде толастамады. Студенттер өздеріндей жастардың үлкен сахнадағы ойындарына тәнті болды, таңқалысты. Ұстаздар қауымы шәкірттеріне баталарын беріп, алғыстарын айтып жатты. Баталы ұл арымас. Ендеше, “Біз” театрының бірлігі азаймасын! Ләйім, жақсы туындылар дүниеге келе берсін демекпіз...

Жанар  
ЕЛДОСҚЫЗЫ







# Қазақ ғалымы — НАТО сыйлығының иегері

**НАТО-НЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ ҒЫЛЫМИ ҒЫЛЫМЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНА ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ, ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР МҰХАМБЕТҚАЛИ БҮРКІТБАЕВ ҰЛЫ-БРИТАНИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСІ НИКОЛАС ПРИЕСТПЕН БІРГЕ НАТО-НЫҢ “БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН ҒЫЛЫМЫНТЫМАҚТАСТЫҚ” ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ ҮШІН ИЕ БОЛДЫ.**

Бұл мәртебелі сыйлық ғалымдарға Семей ядролық полигонындағы радиоактивті ластануларды зерттеу бойынша бірлескен жобасы үшін беріліп отыр. Ғылыми жобаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының институттары: Ядролық физика институты, Радиациялық және экологиялық қауіпсіздік институты қатысса, сарапшылары Ирландия (профессорлар Питер Митчелл, Луис Винтро), Франция (доктор Лоран Поселлот), Ресей (профессор Юрий Дубасов) сияқты дамыған елдерден болған. Осының нәтижесінде Семей полигонының қоршаған ортаға залалы қаншалықты болғандығы жөнінен іргелі зерттеулер жүргізіліп, топырақ пен судағы, ауадағы зиянды заттардың мөлшері анықталып, сол жақтағы елдің көңілін күшті еткен көптеген сұрақтардың жауабы берілді.

Профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев бұл ғылыми бірлескен жобаның маңыздылығы туралы былай дейді:

— Әлем күннен-күнге жақсы жағынан өзгеру үстінде. Әйтпесе НАТО сияқты қуатты әскери-саяси ұйымның Diplomasy Devision құрылымының “Бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін ғылым” атты бағдарлама ойлап тауып, ғылыми және экологиялық өзекті

асып, Семей аймағының қоғамдық және экологиялық мәселелеріне бүкіл ел болып жәрдемдесуге бет бұрды.

Бұл ғылыми жобаның маңызына келсек, мына бір оқиға есімнен кетпейді. Семейдегі Саржал ауылының қарапайым қариясы бір қолына немересін жетектеп, екінші қолына шелек толы суды бізге ұсынып тұрып: “Мен о дүниеге аттанбас бұрын, болашақта барлық ата-бабалары тұрған жерде тіршілік ететін немеремнің, үрім-

өздері тіршілік ететін аймақтың қаншалықты қауіп бар екенін білгісі келеді. Біз осы бағытта жұмыс жасадық. 1991 жылы Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен жабылып, осыған дейін 40 жылдан аса жасалған ядролық сынақтар қазақ халқының ұлы ойшылдары мен ағартушыларының шыққан жерінде күрделі радиоэкологиялық жағдай туғызып, сол территорияға жақын орналасқан елді-мекен тұрғындары-



мәселелерді шешу үшін ғалымдардың басын қосуға мұрындық болады деп кім ойлаған. НАТО бағдарламасы алғашқылардың бірі болып БҰҰ-ның Резолюциясының өтінішіне құлақ

бұтағымның қандай су ішетінін біліп кетуім керек” деген талап қойған болатын. Бұл сол қарияның ғана емес, сол жердегі тұрғындардың, жалпы қазақ халқының қайғы-қасіреті. Олар

ның үрейін ұшырып келгендігі ақиқат. Біз соның қоршаған ортаға келтірген зардаптарын анықтадық.

НАТО-ның аталмыш грантының арқасында Қазақстан ғалымдары

көптеген нәтижелерге қол жеткізген. Біріншіден, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып радиоэкологиялық зерттеу жүргізудің әдістемесі жасалған. Екіншіден, осы зерттеулерді жүргізу үшін ең соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қатар, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінде радиациялық экология лабораториясы ашылған. Бұл құрал-жабдықтар мен лабораторияның зерттеу жұмыстары үшін ғана емес, осы саланың болашақ мамандарын дайындаудағы пайдасы зор көрінеді. Қазірдің өзінде осы факультетте қорғалатын дипломдық, магистрлік, кандидаттық, докторлық жұмыстар осы лабораторияда жүргізілетін радиациялық жағдайларды зерттеумен тығыз байланысты. Осының арқасында университетте жаңа ғылыми бағыт пайда болды. КСРО кезінде мұндай ғылыммен Ресейдің бірнеше университеттері ғана айналысқан екен. Қазіргі күні университеттің Куянова Елена, Оралбеков Болат, Мырзағалиқызы Әсел, т.б. жас ғалымдары өлемнің дамыған елдерінің университеттерінде тәжірибеден өтіп, ғылыми жұмыстарын сол негізде жүргізуде. Ғалым Мұхамбетқали Бүркітбаевтың шәкірттері шетелде өтетін конференцияларға қатысып, өздерінің ғылыми жұмыстарының нәтижелерін ұсынып жатса керек.

Профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев ТМД бойынша НАТО-ның мұндай жоғары мәртебелі сыйлығына қол жеткізген үшінші ғалым. Оны 22 наурыз күні НАТО-ның штаб-пәтерінде, Брюссельде НАТО-ның Бас Хатшысының орынбасары, Елші Минута Риццо салтанатты түрде табыс еткен. Ол өз сөзінде бұл ғылыми ынтымақтастықтағы сәтті жүзеге асырылған құнды жоба екендігін, сол үшін де жоғары марапатқа лайық деп табылғандығын жеткізді. Екі елдің ғалымдарына хрустальдан жасалған белгі, ресми сертификат пен зерттеулерін әрі қарай жалғастыру үшін 10000 еуро табыс етілді.

Тағы бір айта кетерлік жайт — Елбасы Н.Ә.Назарбаев осыдан екі ай бұрын ресми сапармен Брюссельге барған кезінде НАТО-ның штаб-пәтерінде болып, НАТО мен Қазақстан арасындағы ғылыми байланыстарға жоғары баға берген екен.

ҚазҰУ-дың  
Баспасөз қызметі

■ Алау

## СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ — КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПШІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев басты назарға алып келе жатқан Жастар саясатын дамыту мәселесіне өрелі дәрежеде үлес қосып отырған білім ордасы. Оның ішінде ректорымыз Т.Ә.Қожамқұлов Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін барынша өркендетуге күш салып келеді. Жуырда университетіміздің аталған ұйым өкілдері Астана, Тараз, Ақтөбе қалаларында өткен мемлекеттік деңгейдегі шараларға қатысып қайтты. Төменде осы Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысы туралы бірер сөз.



26 наурыз Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің мәжіліс залында “Нұр Отан” халықтық демократиялық партиясының республикалық конференциясы болып өтті. Барлық облыстар мен қалалардан келген 700-ден астам делегат қатарынан Республикалық конференцияға қатысу мәртебесі маған да бұйырды. Атап айтқанда, конференция жұмысына облыстық, қалалық, аудандық партия төрағалары мен оның белсенділері, “Нұр Отан” халықтық демократиялық партиясының Саяси кеңесі мен бюросының мүшелері, министрлер, Парламент сенаты және мәжіліс депутаттары, “Жас Отан” жастар қанаты республикалық кеңесінің мүшелері қатынасты.

Елбасының биылғы жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Жолдауынан туындайтын міндеттерді талқылау күн тәртібіндегі басты мәселе болды.

Негізгі мәселе бойынша партия Төрағасының міндетін атқарушы Бақытжан Жұмағұлов баяндама жасады. Сонымен қатар, аталған мәселеде сөз алғандар қатарынан, Ақмола қаласының әкімі, “Нұр Отан” ХДП аймақтық филиалының төрағасы Мажит Есенбаев, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан Қарағұсова, “Нұр Отан” ХДП Парламенттік фракциясының жетекшісі Әмізбек Жолшыбеков, мәжіліс депутаты, “Нұр Отан” ХДП төрағасының орынбасары Дариға Назарбаева Жолдаудың өзекті тұстарын, айқындалған мақсаттарға жетудегі партияның рөлін өз баяндамаларында нақты көрсетті. Жастар өкілдерін

жергілікті өкілетті органдарда маслихаттардың депутаттығына үміткер ретінде ұсыну, “Партияның кадрлық резерві” бағдарламасының әзірленуі, аймақтарда өткен “Жас Отан” жастар қанатының бастамасымен жастар саясаты мәселелері бойынша депутаттық тыңдаулар конференция жұмысында талқыланды.

31 наурыз күні Тараз қаласында “Нұр Отан” жастарға сенім артады!” республикалық жастар форумы өтті. Аталған форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” Жолдауында айтылған міндеттерді іске асыру жолындағы жастардың рөлі айқындалып, ортақ мүдде жолында мақсаттар талқыланды.

Бастысы, форумға Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 130 астам жастар ұйымының өкілдері қатысып, ортақ диалогқа түсті. Аталған жиынға ҚазҰУ-дан құрамында “Нұр Отан” халықтық демократиялық партиясының тіл мәселесіне қатысты ұйымдастырған пікір-сайысының жеңімпаздары: заң факультетінің 2-курс студенті Әбілдаева Айсәуле мен экономика және бизнес факультетінің 2-курс студенті Мәдәлі Мейрамгүл бар арнайы топ қатысып қайтты. Форум барысында екі пікір-сайысшы қызымыз “Нұр Отан” ХДП қатарына мүшелікке қабылданды. Партия төрағасының міндетін атқарушы Бақытжан Жұмағұлов Айсәуле мен Мейрамгүлге партия билеттерін Тараз облыстық партия филиалында салтанатты түрде табыс етті.


12-15 сәуір күндері Ақтөбе қаласында Қазақстан студенттер Альянсының жалпы республикалық ІІІ СЛЕТІ болып өтті. Слет жұмысына философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті, ұйымның университеттегі өкілі Қымбат Жүсіпова екеуіміз қатысып, атақты Әбілқайыр, Әйтеке би, Шернияз жырау, қазақтың батыр

қызы Әлия, кешегі Ахмет пен Құдайберген Жұбановтардың, Әбдіжәміл Нұрпейісов пен бүгінгі Асхат Шахаровтың туған жері, еліміздің тарихи мекендерінің бірі, өзіміз туған қалам аралы Ақтөбеде студенттер Альянсының алдағы жұмыс жоспарлары мен жаңа көшбасшыларын сайлау жұмысына ат салыстық.

Күннен күнге жастардың азаматтық белсенділігінің артып келе жатқандығы жастарға көрсетілген зор қолдаудың заңды нәтижесі. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының барлық бастамасы университет басшылығы тарапынан зор қамқорлыққа ие. Осы орайда, ректорымыз Т.Ә.Қожамқұловқа студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының ризашылығы шексіз.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА  
Студенттік өзін-өзі басқару  
ұйымдарының жетекшісі,  
“Нұр Отан” ХДП “Жас Отан”  
Жастар қанаты  
Республикалық Кеңес  
төрағасының орынбасары





19 марта 2007 года на Оксфордском Саммите лидеров XXI века решением Европейской Ассамблеи Бизнеса, науки и образования, академику НАН РК, доктору юридических наук, профессору кафедры международного права факультета международных отношений нашего университета Сабикену Салахидену Нурсариевичу была присуждена высокая международная награда имени Сократа. Награда была вручена на торжественной церемонии в стенах Оксфордского университета Президентом клуба ректоров Европы – ректором Международного университета Вены, профессором Вилом Гудхир (Wil Goodheer) и Генеральным директором Европейской Ассамблеи бизнеса, науки и образования, профессором Оксфордского университета Джоном Неттингом (John Netting). В этом году в число лауреатов попали представители 30 стран мира, среди которых прозвучало и имя нашей страны – Республики Казахстан, а также имя нашего университета – КазНУ имени аль-Фараби.

руководители целого ряда правоохранительных органов Казахстана.

Салахиден Нурсариевич по прежнему неустанно трудится на ниве юридической науки, выступая с лекциями по проблемам теории государства и права, сравнительного и международного права перед студентами нашего университета, занимаясь подготовкой научных кадров из числа магистрантов, аспирантов и докторантов PhD.

Не будет преувеличением сказать, что высокая международная награда имени Сократа является одновременно признанием заслуг Казахского национального уни-

## АУДИТОРИЯ ИМЕНИ ПРОФЕССОРА УДОЛЬСКОЙ

2 апреля в ГУК 6 в торжественной обстановке открыта учебная аудитория (ауд. № 326) имени профессора Надежды Львовны Удольской (1903-1986 гг.).

Н.Л. Удольская – выдающийся селекционер, физиолог растений и генетик, член-корреспондент Академии наук Казахской ССР, заслуженный деятель науки, кавалер орденов Ленина, Трудового Красного Знамени и девяти медалей, в том числе пяти медалей ВДНХ, автор 4 монографий и более 100 научных работ. Н.Л. Удольская родилась 26 марта 1903 г. в г. Кургане, после окончания Иркутской гимназии работала на Тулунской опытной станции с ведущим селекционером В.Е.Писаревым. В 1921 г. она стала студенткой биологического отделения физико-математического факультета Иркутского государственного университета. Затем работала на Омской сельскохозяйственной опытной станции, начав сезонным практикантом и достигнув должности заведующей Отделом физиологии растений. В 1926-1937 гг. труды Н.Л. Удольской получили высокую оценку многих признанных ученых, среди которых Н.И.Вавилов, А.А. Рихтер, Н.А.Максимов и др. С этого периода жизнь Надежды Львовны была навсегда связана с селекцией пшеницы.

В 1936 году Н.Л. Удольская опубликовала монографию “Засухоустойчивость пшениц в условиях Зауралья”, за которую ей без защиты диссертации была присвоена ученая степень кандидата наук.

Н.Л. Удольская прожила в Казахстане 50 лет, свыше 30 из которых были связаны с Казахским национальным университетом. Основное на-

правление ее исследований в 1937-1986 гг. – это создание новых, высокопродуктивных сортов яровой пшеницы. Среди них – первый для Казахстана сорт сильной пшеницы Казахстанская-126. В 50-е годы этот сорт дал рекордный для мягких пшениц страны урожай, был районирован на Юго-Востоке Казахстана и Киргизии. Экономический эффект от использования сорта достигал ежегодно 1 млн. 200 тыс. руб. В 1979 г. был районирован новый сорт Казахстанская-3. Н.Л. Удольской был также создан для неопыльного земледелия сорт сильной яровой пшеницы Казахстанская-4, районированный в Алма-Атинской, Талды-Курганской и Семипалатинской областях.

С 1954 г. Н.Л. Удольская – доцент кафедры дарвинизма и генетики КазГУ им. С.М.Кирова. На основе передовой и актуальной сегодня монографии “Селекция яровой пшеницы” ею в 1963 г. была защищена докторская диссертация, а через год присвоено звание профессора.

Н.Л. Удольской было подготовлено не одно поколение талантливых генетиков, селекционеров и педагогов высшей школы. Книга Н.Л.Удольской “Введение в биометрию” – и сегодня основа для подготовки высококвалифицированных ученых и преподавателей биологии.

Дело селекционера Н.Л. Удольской в надежных руках ее учеников и соратников.

Коллектив кафедры  
генетики и молекулярной  
биологии

# ПОЗДРАВЛЯЕМ С ВЫСОКОЙ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАГРАДОЙ!

Следует отметить, что сама награда имени Сократа присуждается за личный вклад в интеллектуальное развитие современного общества и представляет собой почетную статуэтку выдающегося мыслителя, медаль с его изображением, а также диплом “Grawerton”, удостоверяющий о занесении лауреата в международный регистр выдающихся личностей современного мира. Таким образом, к категории таких личностей занесен и профессор нашего университета – академик С.Н. Сабикенов.

Присуждение авторитетной международной награды Салахидену Нурсариевичу Сабикену не является случайным выбором строгого и беспристрастного международного жюри. Этот выбор учитывает более чем 40-летний труд в сфере науки и образования лауреата, который прошел долгий путь от аспиранта Института государств и права Академии наук СССР, доцента, заведующего кафедрой, заместителя начальника Карагандинской, а затем Алматинской высшей школы МВД, до члена Конституционного Совета Республики Казахстан.

Салахиден Нурсариевич внес выдающийся вклад в создание и развитие научной школы в вузах системы МВД Казахстана. Он является основателем успешно функционирующей кафедры международного права



в Алматинском государственном университете имени Абая (ныне Казахский национальный педагогический университет), создателем юридического факультета университета “Кайнар”.

В сфере юридической науки имя профессора С.Н. Сабикенова широко известно в постсоветских странах и за рубежом как автора теории социального интереса в СССР. В 1995 году за вклад в развитие юридической науки в области государства и права профессор С.Н. Сабикенов был избран член-корреспондентом, а в 2003 году – действительным членом (академиком) Национальной Академии наук РК.

За время своей научной деятельности академиком С.Н. Сабикеновым было подготовлено более 30 кандидатов наук, в том числе и по такой новой для нашей страны специальности как “Международное право”. Его воспитанниками являются известные ученые в области юридической науки, ныне доктора наук, а также

университета имени аль-Фараби, а в более широком плане всей юридической научной школы Казахстана.

Получение еще одного международного признания нашим университетом особо значимо в русле той политики, которую сейчас проводит наше государство – политики поворота к сфере науки и образования. При реализации этой политики пример таких личностей как академик С.Н. Сабикенов особенно важен для молодых исследователей, которые только приступают к своим научным поискам. Им есть с кого брать пример.

Поздравляем весь коллектив Казахского национального университета имени аль-Фараби с очередным международным достижением!

М.С. ДОСЫМБЕКОВА,  
Зав. кафедрой международного  
права  
КазНУ им. аль-Фараби  
к.ю.н., доцент

### Дөңгелек үстел

## ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің магистранттарының ұйымдастыруымен “Қазақстандағы ұлттық білім берудің бүгінгі мен болашағы” тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Бұл дөңгелек үстелді педагог маман Айтбаева Айгүлім Боранбайқызы жүргізіп отырды.

Негізгі қарастырылған мәселелер бойынша мынандай баяндамалар тыңдалды: Қазақстандағы ұлттық білім берудің бүгінгі жай-күйі (Ә. Әлімжан), 12 жылдық білім берудегі ұлттық мәселенің қойылуы (М. Қынырбекова), Ұлттық білім берудегі фольклордың маңызы (Г. Нарек), Жоғары мектеп педагогикасындағы білім берудің сипаты (Күзембекова Ж.), БАҚ ұлттық білім беруге әсері (Р. Қондыбаева), Жалпы осы баяндамалар төңірегінде талқылаулар болды.


Қазақстанның жедел дамып отырған адамзат қоғамының көшінен қалмай, қазіргі заманға лайық биіктен көрінуі ұлттық білім беру жүйесінің деңгейіне байланысты. Елдің ертеңгі өрісі

биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие қатар берілуі қажет екендігі және еліміздің білім беру саласында жүріп жатқан реформалардың бүгінгі мен болашағы туралы ой-пікірлер кенінен айтылды.

Білім мен тәрбие тұғыры тіл болғандықтан, тілдерді оқыту жайы қашан да басты назарда тұрады. Дөңгелек үстелге қатысушылар осы мәселе туралы ойларын ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМЖАН,  
филология факультетінің  
магистранты





■ Ток-шоу

# ЖАСТАР ТЕМЕКІГЕ ҚАРСЫ

■ Кафедра

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КӨСЕГЕСІ ҚАЙТСЕ КӨГЕРЕДІ?

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте! – деп

Қадыр Мырза Әлі ағамыз қалай дұрыс айтқан. Бар болғаны төрт қатар өлең жолында тап бүгінгі күнге қатысты айта-айта аңызға, жаза-жаза жауырға айналған тіл мәселесі арнайы тапсырыспен жазылғандай. Неге десеніз, еліміз егемендік алып, өз Ата заңымыз қабылданып, шекарамыз белгіленген он бес жылдан бері дәл осы тіл тақырыбы әлі күнге шейін өз шешімін таппай келеді. Алғашқыда бәрі орыс тілін ортақ тіл етіп, соңынан өз-өзімізді алдап, “әлі-ақ қазақ тілі жақсы дамиды”, “көш жүре түзеледі” деп қойып жайбасарлыққа салдық. Міне, сол күннен бері талай жыл өтті. “Баяғы жартас, сол жартас” күйінде қалып қойды. Әйтпесе, Қазақстандағы басқа салалар жұрт қатарлы көштен қалмастан ілгері дамып келеді. Ал қазақ тілі оң босағада қалып қойған көрі қыздай. Қарапайым сөзбен айтқанда, “айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайдының” нақ өзіне айналып бара жатқандай.

Жоғарыдағы халық қалауымен сайланғандар арасынан осы тақырыпта сөз қозғап жүрген азаматтар саусақпен санарлықтай. Олар Парламент отырысында тіл туралы қаншама ой тастағанымен, көпшілік дауысқа ие бола алмайды ма, әйтеуір айтылған сөз – сөз күйінде ауада қалып қояды.

Халық арасында да тілдің жайы мәз емес. Басқа ұлтты көрсек болды, соның жайын ойлап, соның тілінде сөйлеп әлек болып жатамыз. Бір қазақ, он орыс болса да, бір орыс, он қазақ болса да сөйлейтініміз – орыс тілі. Орыс тілін білмесең – “мәмбетсің”, қазақ тілін білмесең – “мәмбет” емессің. Неге қазақ тілін білмегендерді мәмбет деп атамасқа?! Олай десек біреу бізді жауапқа тарта ма? Әлде тісіміз түсіп қала ма? Өзбек ағайындарымыздан үлгі алар жеріміз жетіп-артылады. Өзбекстанда жергілікті алашпандыларға қай тілде сөйлесеңіз де, өзбекше жауап береді. Ұлтжандылықтарына таңданбасқа шараңыз жоқ. Сен оның сөзін түсініп тұрсың ба, жоқ па – шарауасы жоқ.

Өзіміз қазақша сөйлемей тұрғанда, басқа ұлт өкілінен қалай талап етеміз? “Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде” деп бекер айтылмаса керек. Уақыт оздырмай қимылдағанымыз жөн болар. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ертерек қолға алу керек деп ойлаймын. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады.

Нүркен ТОҚАЕВ  
филология факультетінің студенті

РЕДАКЦИЯДАН:  
Сізді қандай мәселе  
толғандырады, азамат.  
Бөліскіңіз келсе,  
“Кафедра” мінбері  
сіздікі.  
ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

БҮГІНГІ ӘСЕМ ҚЫЗ БЕН  
СЫМБАТТЫ ЖІГІТТІҢ  
ЕРТЕҢ БІРІ – АНА, БІРІ –  
ӘКЕ АТАНАДЫ. ЖАСТЫҚ  
ШАҚТА БӘРІ КЕРЕМЕТ.  
ҚЫЗЫҚ, ДУМАН  
ТАУСЫЛМАЙДЫ. ӘР  
КҮННЕН БІР РАХАТ АЛЫП  
ҚАЛУҒА ТЫРЫСАМЫЗ.  
ЕРЕМІЗ, ЕЛІКТЕЙМІЗ.  
ЕЛІКТЕЙ ЖҮРІП, КӨРЕ  
ЖҮРІП ІШПЕЙТІНДІ АРТЫҚ  
ІШІП, КӨК ТҮТІНДІ КӨП  
ЖҰТЫП, ЕСІРТКІ ДЕГЕН  
ПӘЛЕНІҢ ТОРЫНА  
ШЫРМАЛЫП, КІСЕНДЕЛІП  
ЖАТАМЫЗ. АҚЫРЫНДАП,  
ШЕТІНЕН  
ДЕНСАУЛЫҒЫНДЫ ЖЕП,  
ӨМІРІҢЕ МӘНГІЛІК ТАҢБА  
ҚАЛДЫРАТЫН ОСЫНДАЙ  
ТҮЗЕЛМЕС ҚАТЕЛІКТЕРДІҢ  
БІРІ – ШЫЛЫМ ШЕГУ.



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: “Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушілікке ұрынбай, біртіндеп қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет” деген болатын. Міне, ҚазҰУ студенттері мен оқытушылар, маман-дәрігерлер шылым шегуге қарсы екендігін айта отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жастар рухани ор-

талығында 17 сәуір күні “Сән байлығынан жан байлығы артық” атты ток-шоу өткізді. Ток-шоуда шылым шегудің адам ағзасына қаншалықты зиян екендігі жайлы сөз болды.

Ток-шоу 25 жасар жігіттің темекінің зардабынан денсаулығын құртып, сонында ауруханаға түсіп қатерлі ісікке ұшырағандығы жайлы бейне көрініспен ашылды. “Сән байлығынан жан байлығы артық” атты ток шоуға

ұлттық салауатты өмір салты орталығының үйлестірушісі Алма Жылқайдарова, қалалық салауатты өмір салты орталығының үйлестірушісі Гүлмира Серікбаева, Денсаулық пунктіннің меңгерушісі Алла Смолина қатысып, шылымның адам ағзасына зияндығы туралы өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, ток-шоуға ата-аналар мен оқытушылар қатысты. Ата-аналар тарапынан ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс істеу секторының қызметкері Нәсіпа Молдыбаева, оқытушылардан жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Үлмекен Болатқызы Төлешова темекінің жастарға кері әсер ететіндігін айтып, заңгер Қазыбек Нұрсейітұлы Дауыталиев ҚР Конституциясы бойынша шылым шегудің заңдық тұрғыдағы орны жайлы сөз етті. Ал, жастар тарапынан заң факультетінің I курс студенті Айдар Зейділдә, II курс студенті Бауыржан Батиханұлы мен тарих факультетінің II курс студенті Пердехан Мұсырманқұл шылым шегудің жастарға қаншалықты зияндығын айтып, мамандардан сұрақ қойып, кеңестер алды.

Ток-шоуда “Біз” студенттер театрының актерлері шылым шегудің

адам денсаулығына қаншалықты зияндығы жөнінде көрініс қойып, көрермендерге ұсынды. Ал, журналистика факультетінің II курс студенті Ринат Қайыртайұлы темекінің қасіреті туралы өз термесін орындады.

Осы шараны ұйымдастырудың басы қасында жүрген университеттің әлеуметтік бөлім бастығы Р.С.Қасымова “Сән байлығынан жан байлығы артық” деген атпен бір ай бұрын 13 факультет пен колледж арасында қабырға газеттерге байқау ұйымдастырылғанын баян етті. Жиында сол байқаудың қорытындысы шығарылып, сый-сияпаттармен марапатталды. Бірінші орынды физика факультеті, екінші орынды биология факультеті, үшінші орынды халықаралық қатынастар факультеті иеленді. Ал, ынталандыру сыйлықтары колледж, механика-математика, журналистика, философия және саясаттану факультеттеріне берілді. Жиын соңында Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Гүлнәр Әлібекқызы сөз алып, бірінші рет ұйымдастырылған ток-шоудың болашақта да жалғасын табатындығын жеткізді.

Акерке АЛПАРОВА

■ Алаштан қалған асыл сөз

Мұхтар ӘУЕЗОВ

## ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕРЕКЕ – БІРІНШІ МАЙ КҮНІ ӘРБІР ОЙЫ ТҮЗУ АДАМНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БОЛМЫСЫНЫҢ ЕҢ ІЗГІЛІКТІ, АБЫРОЙЛЫ ЖАҚТАРЫН ЕСКЕ АЛУ ТАБИҒИ НӘРСЕ.ОСЫҒАН ОРАЙ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ДОСТЫҚ, ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ПАРЫЗ СЕЗІМІ ТУРАЛЫ, ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚ, ҚАДІР-ҚҰРМЕТ ТУРАЛЫ АЙТПАСҚА БОЛМАЙДЫ.

Адам баласы білімінің, еңбегінің, ой-қиялы мен творчествосының интернационалдық парызды ұстанбайтын саласы болмақ

емес. Бұл әрбір ғалымның, художниктің, әрбір қайраткердің ұдайы алдында тұратын міндет. Қалам қызметкері ретінде Бірінші Май

күнгі сөзімді осы қасиетті парыз турасында айтқым келеді.

Бұл парыз бүгін ғана пайда болып отырған жоқ. Әріден келе жатыр. Қайсы ғасырдан, қайсы тілден келіп қосылса да, халықтар арасындағы бауырмалдыққа баулитын ұлы дәстүрлердің бәрі бізге қымбат...

Сол күллі әлемдік гуманистік озат дәстүр шын мәнісіндегі көркем әдебиет халықтардың өзара бытырасуын көздемей, жуықтасуын көздейтінін, жауласуын тілемей, достасуын тілейтін, бөсекелесуін уағыздамай, ауыз

бірлігін, тізе қосып, қарыштауын уағыздайтынын көрсетеді.

Біздің ғасырда өмір құбылыстарын нәсілшілдіктің, отаршылықтың, ... күні өтіп бара жатқан әр түрлі кертартпалық пен керенаулықтың тұрғысынан түсіндіргісі келетін әдебиетшілер кейбір елдерде әлі бар. Бірақ бұлардың өмірі қысқа, қадамы күтсіз болмақ...

...Жазушы үшін халықтар достығынан, халықтар ұрпағының достығынан қымбат сезім болмаса керек...

Бұл идеалға барлық күш-жігерімізбен, ізденуімізбен, табысымызбен қызмет ету – әрқайсымыздың игілікті, абыройлы, қасиетті парызымыз.

“Қазақ әдебиеті” газеті,  
1955 жыл, 30 сәуір





**ЕЛІМІЗДІҢ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАНЫ ПАРЛАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЛПЫ ЖҰРТҚА БЕЙМӘЛІМ ТҮСТАРЫ ЖЕТЕРЛІК. ДЕПУТАТТАРДЫҢ ЗАҢ ҮШІН ТАЛАЙ ТЕР ТӨГЕТІНІН ДЕ КӨПШІЛІКТІҢ БІЛЕ БЕРМЕЙТІНІ РАС. ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАҒА АЙНАЛУЫ ДА ҰЗАҚ ӘРІ КҮРДЕЛІ ҮДЕРІС ЕКЕНДІГІН КӨЗБЕН КӨРУ КЕРЕК. СӘУІР АЙЫНЫҢ 8-15 АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗҰУ-ДЫҢ ТӨРТ СТУДЕНТІ ЗАҢ ШЫҒАРУДЫҢ ҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛЫМЕН ТАНЫСЫП ҚАЙТҚАН БОЛАТЫН. СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА “ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ЖАСТАР” ЖОБАСЫНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ, ГЕОГРАФИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 3-КУРС СТУДЕНТІ РАҚАТ ЖАҚСЫБАЙДЫҢ АСТАНА САПАРЫ ТУРАЛЫ ЖОЛЖАЗБАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.**

... Шәкәрімше айтсақ, бұл сапар бұрынғы сапарлардан өзгереді. Оның өзгешелігі Парламент мәжілісінің он үш депутатымен көзбе-көз жүздесу емес еді. Немесе елдің құлдық санадан азат болуының һәм жаңғыруының белгісіндей құрылыс кірпіші тоқтаусыз қаланып жатқан Астананы көру де емес еді. Сапардағы ең басты мән – рухани тұрғыдан азық алуымыз болатын...

Жексенбі. Жолдамыз. Жанымыда “Азамат” клубына мүше қыз-жігіттер. Оның ішінде, біздің оқу ордамыздың менен басқа үш студенті бар. Бағытымыз – Астана. Сапар серуендеу емес, Парламент мәжілісінде бір апта депутаттардың қоғамдық көмекшілері ретінде тәжірибе жинақтау, шеберлік шыңдау. Сапарластарым депутаттарды “көк жәшіктен” көргені болмаса, мұндай сапарға алғаш шығулары. “Қалай болар екен?” деген күдік те жоқ емес.

...Пойызға мінсем болды, қайран кешегі өткен бабалар еске түседі. “Қалайша осыншама байтақ даланы қорғап қалған?” – деп іштей сүйсінесін. Сүйсінесін де, енді осы кең байтақ мекеннің иесі сен екендігің, оның аман-дығы мен қорғалуы сенің және замандастарыңның мойнында екендігін түсініп, үлкен жауапкершілікті сезінесін.

\*\*\*

Дүйсенбі. Таңғы 8:30-да біз Астана бекетіне табан тіредік. Солтүстіктің салқыны бірден сезілді. Бірден-ақ Парламент Үйіне жол тарттық.

Үш депутатқа екі-екіден бөлінген біз алғашқы күннен-ақ Парламент деп аталатын алып құмырсқаның илеуіндей қызу тірлікке араласып кеттік. Бекболат аға Парламентте өтетін барлық іс-шараларға біздің қатысуымызды ұйымдастыруды өз көмекшілеріне тапсыруды ұмытқан жоқ.

Осы күні-ақ біз ақын Мұхтар Шахановпен жеке жүздестік. Өзінің ақындық қалпымен Мұхтар аға бізге қазіргі қазақ тілінің жайын тілге тиек етті. “1992 жылы Қазақстанда 8882 балабақша болды, соның 2237-сі – қазақ тілінде, 2507-сі – аралас. Ал қазір бізде бар болғаны 387 қазақ балабақшасы бар. Біздің болашағымыз дейтін жастардың басым бөлігі өз ана тілін білмейді, ғаламдық деңгейде ойлайтын космополит қазақтар көбейіп кетті. Сендердей ұлтжанды жастарды көргенде, кішкене үміт

пайда болады”, – деп ағынан жарылған Мұхтар аға өзінің осы тіл, ұлт мүддесінде жұмыс жасайтын партия құру жолында жұмыс жасап жатқандығын айтты.

Түс ауа Сенат пен Мәжілістің біріккен комиссиясының “Мемлекеттік нышандар туралы” заң жобасына қатысты отырысына қатыстық. Комиссия төрағасы жақында ғана біздің университетте кездесу өткізген сенат депутаты Қуаныш Сұлтанов екен.

Заң жобасын Парламентке ұсыну құқығы Үкіметте және Парламент депутаттарының бастамашыл тобында бар. “Мемлекеттік нышандар туралы” заң жобасын ҚР Мәдениет және

Қадырова. Президенттің биылғы Жолдауын, журналистерге берген сұхбатын, талқыға салған соң, депутаттар біздерді қандай мәселелердің толғандыратындығын сұрады. Заң факультетінің 2-курс студенті Айсәуле Әбілда мүгедек жастарға, оның ішінде, мүгедек студенттерге мемлекет тарапынан жағдай жасалмай отырғандығына тоқталса, саясатану факультетінің 2-курс студенті Нұрмұхамед Байғара “Болашақ” бағдарламасымен оқуға түсуде кездесетін қиындықтарды атап өтті. “Мәселен, мен Польшаға құжат тапсырдым, сонда құжаттарды сол тапсырушы елдің тіліне аудару

журналистер мен депутаттың көмекшілері отырысты ішкі теледидар желісі арқылы тамашалау мүмкіндігіне ие. Бүгінгі жалпы отырысқа 57 депутат қатысты. Ал регламент бойынша, депутаттардың 3/2-сі жиналса, мәжілістің шешімі заңды саналады. Көп ретте Парламент депутаттарының жұмысы ақпарат тасқынының арасында көзден таса қалып жатады. Мәселен, сол күні 21 депутат депутаттық сауал жолдады. Олардың арасында Т.Бердіонғаровтың ҚМЭБИ-дегі оқу бағасының бір жылда 40 пайызға артуы, К.Ағатаеваның көптеген оқу орындары жатақханаларының санитарлық талаптарға сай

пайызы қазақтар, осы бөлігі қазақыланса жетіп жатыр”, – деді Амангелді аға. Ұлттық идеология, жетімдердің шет елге жөнелтілуі мен еуразиялық идея төңірегінде біраз ой бөлістік. Сом тұлғалы азаматтың пікірлері де кесек-кесек.

Іс-сапарымыз тек кездесулермен ғана шектеліп жатқан жоқ. Әрбірімізге депутаттарға келген хаттар бойынша да жұмыс жасау жүктелген. Депутатқа сауал жолдайтын сайлаушылардан келетін хаттар аз емес.

Мемлекеттік нышандарға қатысты ұсыныстарымыздың алтауы қабылданып, өзгеріс ретінде еніпті.

# «Парламент – қоғамның бет-бейнесін беріп тұр»



\*\*\*

Жұма. Парламент депутаттары бес күндік тәртіп бойынша жұмыс жасайды. Сондықтан, бүгін Парламенттегі қорытынды күніміз. Астанаға жиналар тұста біз өзіміз “Мемлекеттік тіл туралы” заң жобасын жазып шығып, депутаттарға ұсынсақ қалай болады дегенді ойлағанбыз. Бүгін сол жұмысымыздың соңғы нүктесін қойдық. Заң жобасын жазу барысында Латвия, Литва, Молдова, Әзірбайжан, Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің осы саладағы заңдарын қарап шықтық. Осылайша, студент жастардың күшімен әзірленген заң жобасын депутаттар Мұхтар Шаханов, Әлихан Бөйменов, Нұртай Сабильянов, Бекболат Тілеухан, Амангелді Айталы, Зейнулла Алшымбаевқа танысуға тастадық. Әлихан Бөйменов “егер заң жобасымен барлық Парламент танысып шықсын десеңдер, қазіргі жағдайды ескеріп орыс тіліне де аударыңдар. Өйткені қазақ тілін білмейтіндер осындай заң жобасының әзірленгендігін білсін”, – деген ұсыныс айтты.

\*\*\*

Сенбі. Бұл күнді Астананы аралауға арнадық. Таңертең “Нұр-Астана” мешітіне бас сұқтық. Өте биік, кен әрі әнді салыныпты. Бірақ, бір өкініштісі, жаңбыр тамшылары, мешіт ішіне де әр жерден тамшылап тұр екен. Құрылыс кезінде Астана климаты ескерілмеген тәрізді. Бәйтерекке көтеріліп, Астананы бақылап, “Думанға” барып мұхит әлемімен танысып, Президенттің мәдени орталығында елдің тарихынан сыр шертер тарихи құжаттар мен жәдігерлердің куәсі болдық. Кешқұрым Бекболат ағаның дастарқанынан дәм таттық.

\*\*\*

Жексенбі. Жолдамыз. Бағытымыз – Алматы. Парламент мәжілісіндегі бір жұма шын мәнінде тәжірибе жинақтау мен шеберлік шыңдау апталығы болды. Бәрі сәтті болды деп қуанады сапарластарым.

...Пойызға мінсем болды, қайран... Сапардың сәттілігіне қуанған алты жүрек пойыздың ырғағымен қатар тербеліп, Алматыға жақындап қалдық.

\*\*\*

Бейсенбі. Амангелді Айталы. Тіл, ұлт тағдыры жайлы көтерген мәселелерімен, жазған мақалаларымен таныс есім. “Қоғамның санасы бірден өзгермейді. Еврейлер енгізген “тілдің өміршеңдігі” деген ұғым бар. Ұлттың 20-22 жас аралығындағы жастарының қанша бөлігі өз ана тілінде білім алып жатқанына қарап, тілдің өміршеңдігі анықталады. Бізде 80 пайыз жастар қазақ тілінде білім алып жатыр. Яғни қазақ тілінің өміршеңдігі 80 пайыз деген сөз. Ең алдымен, тілдік орта қалыптастыруда балалар әдебиеті мен мультипликацияны дамытқан дұрыс. Сосын қазіргі тілдік саясаттың нысаны – қазақтар болуы керек. Мәселен, мемлекеттік қызметтегілердің 88

## ТҮЙІН

Парламент – қазіргі біздің қоғамның бет-бейнесін беріп тұрғандай. Онда бес жыл бойы үнсіз кететіндер де, жұмыс жасайтын, бірақ көпке бейтаныс, ісі аз, алайда көпке танымал, ісі де, танымалдығы да бар бірнеше санаттағы депутаттар жиналған. Қалай болса да, Парламент қимылсыз отырған жоқ. Тірлік көп. Оны тек көру білу керек.

Рақат ЖАҚСЫБАЙ,  
География факультетінің 3-курс студенті,  
“Азамат” клубының үйлестірушісі  
Алматы-Астана-Алматы

ақпарат министрлігі ұсыныпты. Үкіметтің ұстанымын қорғау үшін министрліктің өкілдері де осы жиынға қатысты. “Жалпы рәміз дұрыс па, нышан дұрыс па?” – деген сауалдың да жауабын осы отырыстан таптық. Қазіргі заңда Мемлекеттік Ту, Әнұран, Елтаңба нышан болып қабылданады, кейін күзде Ата Заңымызға өзгерістер енгізілгенде рәміз деп ауыстыру керек деп шешіліпті.

Келіп түскен заң жобасын талқылау кезінде егер депутаттар осы заң жобасына қандай да бір өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болса, оны салыстырмалы кестеде көрсетеді. Осы салыстырмалы кесте негізінде депутаттар тарапынан айтылған ұсыныстардың тағдыры шешіледі. Біздің қолымызға да осы нышандарға қатысты заң жобасының салыстырмалы кестесі тиді. Бекболат аға “ертеңге дейін ұсыныстарың болса, енгізіп көріңдер”, – дегенді айтты.

\*\*\*

Сейсенбі. Бүгінгі жұмыс күніміз Әлеуметтік-мәдени даму комитетіне мүше депутаттармен басқосудан басталды. Комитет төрайымы Зәуре Қадырова кезінде 1996 жылдардағы қиындықтар туралы әңгімелеп берді. “Сол уақыттары Президенттің “Қазақстан-2030” бағдарламасын, ел ордасын Астанаға көшіруге байланысты ұсыныстарын қоғам қабылдай алмаған, олардың ішінде мен де бар едім, кейін бәрі де түсінікті болды, бұл дұрыс жол екен”, – деді Зәуре

керек екен. Ал мысалы, поляк тілінде аудару үшін төленетін ақы студенттің қалтасына ауыр тиеті”, – деді.

... Бекболат ағамен кабинетіне жиналып алып, иман, ұлт тақырыбында екі сағатқа жуық әңгімелестік. Өзінің өмірлік көрген-білгенімен бөліскен ағамыз бізді өзінің шешендігімен, жыр-толғауларды, Абай туындыларын жатқа соғуымен тәнті етті. Екі сағатқа жуық әңгіме алтауымыздың жүрегімізге жылылық ұялатты.

... “Мемлекеттік нышандар” туралы заң жобасының отырысында біздің он үш позиция бойынша енгізген өзгерістеріміз қаралды. Сенат депутаты Қуаныш Сұлтановтың арнайы көңіл бөліп, жиынды үзе тұрып, танысу үшін уақыт арнауы біз үшін күтпеген оқиға еді. Өзімізді, оқу орнымызды таныстырған соң, “Сіздерге еліміздің рәміздері туралы заң жобасына бей-жай қарамай, өз ұсыныстарыңызды айтқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Білім жинағыздар, біздің орнымызды басыңыздар”, – деген тілегін білдірді. Масаттанбадық, бірақ маркайып-ақ қалдық, “жақсы сөз – жарым ырыс”...

\*\*\*

Сәрсенбі. Әр сәрсенбі Парламент үшін өте маңызды күн. Себебі осы күні мәжілістің жалпы отырысы өтеді. Депутаттық сауалдардың жолдануы да, заңдардың қабылдануына дауыс беру кезі де осы күн. Мәжіліс залына тек депутаттар мен телеарналардың бейнетүсірушілері ғана кіре алады. Ал





## Әзіл-шыны аралас...

ҚазҰУ-да түрлі мәдени шаралар жиі өтетіні баршаға мәлім. Кейде алыс-жақын факультеттер жиылып, Студенттер сарайы атты ортақ шаңырақта бас қосады. Кейде әр факультет өзінше отау құрып, жарысып тұрып мерекелетеді. Ондайда тіпті қайда баратынынды білмей қаласың. Бұл мәдени шаралардың өз белсенділері мен жұлдыздары да бар. Бір қызығы, қоғамдық жұмыстарға әбден белшесінен батқан ҚазҰУ-дың қырандары мен қызғалдақтарын, мәдени шараларды жібермейтін болсаңыз, көрмейтін жеріңіз жоқ. Бір күні театрдан тамашалайсыз, екінші күні концерт жүргізіп жатады, үшінші күні дәл сол студентті ғылыми конференциядан да кездестіруіңіз ғажап емес.

# Жұлдыз болған ұл-қыздар!

Ендеше, олар жұлдыз болмай, кім жұлдыз болады? (Мен де негізі соңғы аталғандардың қатарына жатамын.) Ал сол жұлдыздар факультетте тіптен үлкен беделге ие. Бірақ олардың сахна сыртындағы қызығы мен шыжығы мол жұлдызға айналу жолындағы дайындықтары жайлы не білесіз? Жалпы әр факультетте бұл бір-ақ жағдайда жүзеге асатындықтан “төртінші билік” иесі боламыз деп жүрген өзіме жақсы таныс журналистика факультетіне тоқталсам айып етпессіздер. Осы мақсатта студенттердің жатақханада өткізетін мерекелік-мәдени іс-шараларын ұйымдастыру үшін аптасына бір рет жиналатын мәжілістерінің бір күндік көрінісін сіздерге ұсынуды жөн көрдім. Ескерте кетейін, он саусағынан өнер тамған аталатын факультеттің жастары “Журналистика – жан-жақтылық деген мағынаны білдіреді” деген теорияны ұстанған.

Студенттер кеңесінің кезекті жиналысы басталды. 216-бөлмеге елден бұрын барып отырып алғанбыз. Арамызда бұрыннан қоғамдық жұмыспен айналысып жүргендер амалдың жоғынан ілініп-салынып кешігіп келуде. Бірі өтірік ауырып отырған кейіпте, екіншілері ұялы телефондарының музыкасын қосып қойып:

“Мамам қонырау соғып жатыр шығып келейінші” - деп, сол кеткеннен мол кетуде. Ал енді біреулері яғни, жаңадан келген біз сияқтылар не ұйымдастырамыз, қандай тақырыпта болуы керек деп жанталасудамыз. Төрағамыз Бағдат: “Кеш ұйымдастыруымыз керек” - деп аузын ашып жүмғанша болған жоқ ортаға Камила жүгіріп шығып: “Мен 5-сыныптан бері өн айтамын. Жақында ғана атамның тойында “Куанышым қазынамды” айттым, соны орындайыншы!” - деді. Одан қалыспайын деген ниетпен болар “Ал мен 3-сыныптан бері өн шырқаймын. Қаласандар қазір-ақ өн айтып беремін” - деп Перизат орнынан атып тұрды. Әсел: “Мен биге қатысқанмын, испанский билеп беремін” - деп сол жерде-ақ мың бұралар түрі бар... Мен қалысамын ба? “Мектеп кезінде мәдениет секторы болғанмын. Қазақша КВН ұйымдастыратынбыз, өн салатынбыз, өлең оқитынбыз...” - деп едім төрағамыз осы концерттік бағдарламамыздың сценарийін Камила екеуін жазындар деп басымызға жүктеп қойды. Мәулен жүр: “Мектепте барлық кештерді жүргізетін едім, жүргізушілікті жақсы атқарамын” - деп. Мұрат: “Мен ақынжанды жігітпін, өзімнің шығармашылығымнан бір өлең оқысам қалай болады, бірнешеуі

десеңіз оны да дайындаймын”, - деп қағаз-қаламын ұстап отыр. Қалғандар: “Біз қызықты көрініс дайындайық!” десе, екіншісі: “Жоқ, одан да мына қойылымды қояйық!” - деп бірімен-бірі сөз таласып жатты. Жиналысымыздың соңы дебатпен аяқталды. Бірақ та ешқандай шешім жоқ. Қайтадан талас бастала беріп еді, төрде отырған Бағдат қолын жайып кеп:

“Тыңдаңдаршы, біз ешқандай концерт емес, Ибрагим Исамен кездесу өткізейін деп жатырмыз ғой. Одан да бәрін сол ақынның бір-бір өлеңін жатқа оқыңдар”, - демесі бар ма. Бәріміз жым-жырт отыра қалдық. Сонда біздің не жоспарлап отырғанымызды сұрамай іске кірісіп кеткенімізді айтсаңызшы! Не керек, біз олақынмен кездесуді де ойдағыдай өткіздік.

Болашақта айғақты айқайлап айтатын, қаламы қарымды журналист боламыз деп жүрген студенттер бәрібір айтқандарын орындап, сол кешті, концертті думандатып өткізді. “Өн – көңілдің ажары”, - деп Камила мен Перизат әсем әндерімен, Әсел мың бұралған биімен, Мұрат сөзі салмақты, ойы орамды өлең шумақтарымен, Мәулен шебер жүргізушілігімен, әзілкештігімен көрерменнің көңілінен шықты. Ал өзім жайлы ешнәрсе демесем де, белгілі ғой менің де қалыс қалмағаным...

Енді студенттер кеңесінің ешбір концерттік бағдарламасы бізсіз өтпейді дейін десем, сәл-пәл өтіріктеу. Өйткені, қазір жиналыс десе біз қашып, кейінгі буын бірінші кіріп, соңынан шығатын уақыт болып қапты...

Маржан  
СӘДУАҚАСОВА

## Байқау

# ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ҮЗДІК ШЫҚТЫ



10-14 сәуір аралығында Францияның Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР француз тілі оқытушыларының Қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен француз тілі апталығы аясында Алматы қаласындағы бірнеше ЖОО студенттері мен мектеп оқушылары арасында байқау өткізілді. Байқау талаптары декламация (қара сөз, өлең сөз), жазбаша (Абай, Пушкин), жобалық жұмыстардан (өртүрлі салалық зерттеулер) тұрды.

Қазақ мемлекеттік заң академиясында өткен бұл байқауға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және журналистика факультеттерінің студенттері белсенді қатысты. Декламация байқауында журналистика факультетінің 1-курс студенті Қазақбаева Сабина ҚазҰТУ, ҚазЭУ, ҚазХҚЖӨТ сияқты

жоғарғы оқу орындарынан қатысқан 26 адам арасынан 2-орынды иеленді.

Сонымен қатар байқауда біздің университеттің студенттері “Балалар балалар үшін” атты жеке театрлық жоба ұсынды. Бұл ақыл-ойы, дене мүшелері дамымай қалған, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған кішкене көрініс әділқазылардың көңілінен шығып, ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Оны сахналаған филология факультетінің студенттері: Қоңырбаев Күлән, Рахымбаева Гүлден, Хайырманова Элеонора, Құдиярбекова Дариға, Шарипова Диляра, Рыскелдиева Дана, Чайзадина Индира, журналистика факультетінен Ерходжаева Қаламқас.

Аты аталған студенттер келесі жылғы байқауда биылғыдан да ерекше жетістікке жетіп, Францияға жолдама ұтып алуға бекініп отыр.

Шолпан МАҚАТАЕВА  
француз тілінің оқытушысы

# Спандияр Көбеевтің таңдамалы шығармалары жарық көрді

11 сәуір күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде жақында ғана “Қазақ университеті” баспасынан жарық көрген Спандияр Көбеевтің таңдамалы шығармаларының тұсаукесері өтті.

Қазақ халқының ұлы педагог-жазушысы Спандияр Көбеевтің бұл бір томдық таңдамалы шығармалары 1910,

1912 жылдары Татарстанның астанасы – Қазан қаласында араб әрпімен басылған “Үлгілі тәржіме” және “Үлгілі бала” деген әдеби жинақтарының негізінде құрастырылды. Жалпы редакциясын басқарған – филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаев.

Мұнда қазақ халық әдебиетінің

(фольклоры) озық үлгілері, XIX-ғасырдағы орыс классиктерінің аудармалары және автордың төл шығармалары енгізілген.

Аталған кітаптың басты ерекшелігі: оның тәрбиелік сипатында.

Тұсаукесерге арналған жиынды филология факультетінің деканы Қансейіт Әбдесұлы ашып, профессор Сұлтанғали Садырбаев, әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының меңгерушісі, профессор Бақытжан Майтанов, т.б. кітаптың құндылығы, маңызы туралы баяндама жасады.

Сүйінші!

СПАНДИЯР  
КӨБЕЕВ



ТАҢДАМАЛАР

## Әзілің жарасса...

Мүгалім шәкіртінен сұрап жатыр:  
— Айша, оқушылардың мектепте  
ең көп қолданатын сөзі қандай?  
— Білмеймін..  
— Дәл таптың!

\*\*\*

— Балам студентсің бе?  
— Иә.  
— Қай мамандықта оқисың?  
— Білмеймін.  
— Енді кім біледі.  
— Әке-шешем. Өйткені, әр жыл  
сайын жаңа мамандыққа  
ауыстырады.

\*\*\*

Жеңіліп қалған боксшыны  
жаттықтырушысы жұбатып  
жатыр.  
— Жарайды, енді. Ештеңе етпес.  
Қайтқан күнде де, сен оны 2-  
раундта мықтап бір қорқыттың  
ғой!  
— Қалай?  
— Сен сұлап түскенде, ол сені өліп  
қалды деп ойлады.

## ҚазҰУ-дың қызғалдақтары

### Фотоэпюд

Көзің – мөлдір,  
Көл – мөлдір, мөлдір, мөлдір,  
Мөлдірліктің еркесі мен жүрген бір:  
Бір мөлдір – сен,  
Бір мөлдір – еркем, елім,  
домбырам жоқ – мөлдір күй шертер едім.  
Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Жанна КЕНЕНБАЕВА,  
Экономика факультетінің  
II курс студенті



### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат”  
кәсіподағының төрайымы;  
А.А. ШЫҒЫДҚО - ақпараттық-сарап-  
тамалық бөлімнің бастығы;  
Ғ.СЕРІМ - студенттердің  
“Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -  
Дәрмен СМАЙЫЛ;  
Жауапты хатшы -  
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;  
Бөлім меңгерушілері -  
Акерке АЛПАРОВА,  
Жанар ЕЛДӨСҚЫЗЫ;  
Көркемдеуші-беттеуші -  
Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Кезекші редакторлар -  
Әлия КЕМЕЛБЕКОВА,  
Шынар ӨСКЕМБАЕВА,  
Жадыра ТОЙЛЫБАЕВА

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,  
Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-кабат,  
№1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29,  
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
“Полиграфсервис” баспаханасында  
(Жандосов көшесі, 55) басылды.

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы- 1000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс № 75

Жарияланған мақаладағы автор  
пікірі редакцияның қозғарсын  
білдірмейді.

Редакцияға түскен  
қолжазба қайтарылмайды,  
үш компьютерлік беттен асатын  
материалдар қабылданбайды.  
“Қазақ университетіне” жарияланған  
мақала көшіріліп басылса, сілтеме  
жасалуы міндетті.